

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ»
АҚ
Басқармасының
2009 жылғы «22»
мамырдағы
шешімімен № 55/09
хаттама
бекітілді

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамы Компанияларының тәуелсіз
директорларына сыйақы төлеу және шығындарын өтеу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы меншік құқығымен немесе сенімді басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына тиесілі басқа акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі – Компаниялар) тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшерлерін белгілейді.

2. Осы Ереже «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының нормаларын және өзге де заңнамалық актілерді, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Жарғысын жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы жеке тұлғаның табысы болып табылады және Қазақстан Республикасының Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық салынады.

4. Тәуелсіз директорға сыйақы төлеу мынадай шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) Компанияның мүдделерін жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді қолдана отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;

2) Қазақстан Республикасымен және Компания Жарғысымен шешімдер қабылдау кезінде басшылық ету;

3) науқастану, еңбек демалысы, іссапардан басқа жағдайда ашық мәжілістерге қатысу және Компанияның Директорлар кеңесінің барлық сырттай мәжілістеріне қатысу.

5. Компания сыйақыны Тәуелсіз директордың күнтізбелік жылдың сәйкес жартыжылдығында жұмыс істеген кезеңіне тең жарты жылда бір рет төлейді.

6. Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақылар мен өтемақылар банктік карточкасына немесе есепшотына аударылады не болмаса Директорлар кеңесі мүшесінің шешімімен Компания кассасынан қолма-қол ақшалай беріледі. Банкке карточкаларға қызмет көрсету бойынша сыйақыны Директорлар кеңесінің мүшесі төлейді.

7. Тәуелсіз директорға мынадай сыйақы түрлері төленеді:

1) бекітілген сыйақы;

2) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің ашық мәжілістеріне қатысқаны үшін төленетін қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директор науқастануы, еңбек демалысында, іссапарда болуы себебінен ашық мәжілістерге қатыса алмаған жағдайларда басқа, есепті кезеңде өткізілген Директорлар кеңесінің барлық ашық және сырттай мәжілістерінің көп дегенде жартысына қатысқан жағдайда бекітілген сыйақы төленбейді.

8. Компания бекітілген сыйақыны сыйақы төлеудің есепті кезеңінен кейінгі айдың ішінде төлейді. Сыйақы төлеудің есепті кезеңі сәйкес күнтізбелік жылдың жартыжылдығы болып табылады.

9. Компания қосымша сыйақыны Директорлар кеңесінің ашық мәжілісі өткізілген күннен кейінгі айдың ішінде төлейді.

10. Тәуелсіз директорға оның тұрғылықты мекенжайынан тыс жерде өткізілген Директорлар кеңесінің мәжілісіне жол жүруімен байланысты шығындар (жолақысы, жүріп-тұру, тәуліктік шығындар) өтелінеді.

11. Компания шығындарды өтеуді Тәуелсіз директор растаушы құжаттарын тапсырғаннан кейін, Компанияның ішкі құжаттарында қарастырылған Компания Басқармасы Төрағасының іссапар шығындарын өтеу нормалары шеңберінде жүзеге асырады.

12. Тәуелсіз директорға төленетін жылдық бекітілген сыйақы мен қосымша сыйақылар мөлшері атқаратын міндеттерінің күрделілігі мен жауаптылығына, өндіріс (бизнес) ерекшеліктері мен ауқымдарына және олармен байланысты тәуекелдерге, еңбектің салалық ерекшелігіне, Компанияның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен орнына қарай, сондай-ақ олардың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды және тиісті сала бойынша тәуелсіз директорларға сыйақы белгілеудің халықаралық тәжірибесін талдауды есепке ала отырып белгіленеді.

13. Жылдық бекітілген сыйақының белгіленген мөлшері мына жағдайларда азайтылуы мүмкін:

1) Компанияның қаржылық-экономикалық көрсеткіштерінің (немесе Компанияның басты тиімділік көрсеткіштерінің) өткен кезеңмен салыстырғанда төмендеуі;

2) Тәуелсіз директордың қызметін бағалау нәтижелері бойынша алға қойған мақсаттар мен тиімділік көрсеткіштерге қол жеткізбеуі.

14. Компания Тәуелсіз директорларға осы Ережеде қарастырылмаған қандай да бір төлемдер жүргізбейді.

15. Ерекше жағдайларда Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың Тобындағы Компаниялардың жекелеген Тәуелсіз директорларына қатысты өзге сыйақы төлеу және тәуелсіз директорлардың шығындарын өтеу мөлшері белгіленуі немесе ұсынылуы мүмкін.

16. Компанияның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылған (оның ішінде мерзімінен бұрын) жағдайда жарты жыл аяқталғанға дейін Тәуелсіз директорға Компанияның Директорлар кеңесі құрамында болған кезең үшін,

өкілеттіктер мерзімі аяқталған, Дара акционер шешім қабылдаған (Акционерлердің жалпы жиналысымен) немесе Директорлар кеңесінің мүшесі өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген сәттен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірмей сыйақы мен өтемақылар төленеді.

17. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеумен байланысты туындаған даулар Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қор мен Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес реттеледі.

18. Тәуелсіз директорларға сыйақылар төлеу және шығындарын өтеу негіздемелері мен мөлшері Тәуелсіз директорлармен жасалатын шарттарға енгізіледі.
